

8D07160 - «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Райымбеков Еркебұлан Батырбекұлының «Қазақстан Республикасы фосфор саласының жарамдашылығы төмен шикізаты мен қалдықтарын байыту технологияларын дайындау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</u></p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс «Геология, минералды және көмірсугекті шикізатты өндіру және қайта өндіреу, жаңа материалдар, технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» ғылымның даму бағытына сәйкес келеді.</p> <p>Қарастырылған зерттеу жұмысы М.Әуезов атындағы ОҚУ, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы кафедрасының 2016-2020 жж. арналған Б-16-02-03 «Шикізатты байытудың және өнеркәсіптің әртүрлі салаларының табиғи кен-минералдық ресурстары мен техногендік қалдықтарынан бейорганикалық қосылыстар синтезі өнімдерін алудың баламалы-инновациялық технологияларын жасау жөніндегі зерттеулер» және 2021-2025 жж. арналған F3Ж-21-03-02 «Бейорганикалық өнімдерді, экологиялық қауіпсіз тыңайтқыштарды және минералдық шикізат пен техногендік қалдықтар негізінде өсімдіктердің өсуін ынталандырыштарды алудың жаңа перспективалы технологияларын әзірлеу және дәстүрлі технологияларын жетілдіру» F3Ж жоспарлары негізінде орындалған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	<p>Жұмыстың ғылымға қосқан елеулі үлесі – отандық төменсүрүпты фосфориттер мен фосфор өндірісінің қалдықтарын сірке қышқылының көмегімен байытудың технологиясын әзірлеуінде. Әзірленген технология арқылы фосфор бестотығы бойынша төменсүрүпты санатқа жатқызылатын және қалдық есебіндегі материалдарды байытуға, кейіннен қайтадан өндірісте қолдануға мүмкіндік береді. Жұмыстың маңыздылығы диссертацияның барысында толығымен ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	<p>Диссертациялық жұмысты егжей-тегжейлі зерделеу негізінде автор ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында жоғары</p>

		<p>2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>аналитикалық деңгейді және жеткілікті дербестікті көрсетті деп қорытындылауға болады. Автор осы сала мамандарының жұмыстарымен төменсүршіпты фосфат шикізатын органикалық қышқылдардың көмегімен байытудың бұрын белгілі шешімдеріне теориялық және тәжірибелік зерттеулер кешеніне сынни талдау жасаған. Диссертациялық жұмысты өзі жазу принципі жоғары деңгейде.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) <u>негізделген</u>;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Жұмыстың өзектілігі өндіріске жарамды фосфат шикізаты қорының сарқылуы салдарынан фосфор бестотығы бойынша төменсүршіпты санаттағы фосфориттерді және фосфат-кремнийлі қатпар тастар түріндегі қалдықтарды байыту арқылы өндірістік қажеттіліктерге жарату мәселесіне негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды</p> <p>1) <u>айқындаиды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындаиды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	<p>Бұл диссертациялық жұмыс кіріспеден, 4 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Диссертация мазмұны диссертацияның тақырыбын көрсетеді және зерттелетін мәселенің мазмұнын толық ашады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты және зерттеу міндеттері диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес, фосфор саласының жарамдылығы төмен шикізаты (Ақжар, Шилісай фосфориттері) мен қалдықтарының (фосфат-кремнийлі қатпар тастар) құрамындағы фосфор бестотығы (P_2O_5) бойынша сірке қышқылының көмегімен байытуудың ғылыми негізделген технологиясын жасау болып табылады.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертация толығымен орындалған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері, ғылыми нәтижелері бір-бірімен толығымен байланысқан, келтірілген тұжырымдар жарамдылығы төмен фосфат шикізаты мен фосфорқұрамас қалдықтарды байыту тұргысынан дәйекті зерттеулердің нәтижесі болып табылады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p>	<p>Ізденуші ұсынған жаңа шешімдер диссертациялық жұмыста дәйектелген, тәжірибелі зерттеулер негізінде дәлелденген. Диссертацияда баяндалған қорытындылар, ережелер мен нәтижелер бойынша осы саладағы бұрын белгілі шешімдермен салыстыра отырып дәлелдеген, сынни талдау жұмыстарын жүргізген. Осының негізінде «Review in Inorganic Chemistry» журналы және Академик Е.Бекетов</p>

		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	атындағы ҚарМУ Хабаршысында (Химия сериясы) шолу мақалалары жарияланған.
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Диссертациялық жұмыстың фылыми нәтижелері мен қағидаттараты жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) деп есептеймін. Себебі, тәменсұрыпты фосфориттерді байытуда органикалық кышқылдарды қолдану әдісіне негізделген фылыми нәтижелерді ізденуші осыған дейінгі белгілі әдістерге сүйене отырып жасаған. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа. Ал, техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері толығымен жаңа және фылыми түрғыдан негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар фылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</u>	Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттар тәжірибелік зерттеулердің нәтижелерімен расталған және негізделген. Зерттеу нәтижелері алуда ізденуші білім алған оқу орны М.Әузев атындағы ОҚУ базасындағы сынақ зертханаларындағы заманауи күрылғылардың қолданылуы дәлелдемелердің фылыми түрғыдан негізделгендігін көрсетеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u>	1 қағидат – Жаңатас кен орнының фосфат-кремнийлі қатпар тастары, Ақжар және Шилісай кен орнының тәменсұрыпты фосфориттерінің заттық құрамы. 7.1 дәлелденді

	<p>2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жок</p>	<p>7.2 жок 7.3 ия 7.4 кен 7.5 ия</p> <p>2 қағидат – фосфор саласының жарамдылығы төмен шикізаты (Ақжар, Шилісай фосфориттері) мен қалдықтарын (фосфат-кремнийлі қатпар тастар) сірке қышқылының көмегімен байыту үрдістерінің химизмі және термодинамикалық талдау нәтижелері.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жок 7.3 ия 7.4 кен 7.5 ия</p> <p>3 қағидат – байыту үрдістерінің анықталған оңтайлы режимдік көрсеткіштері, осында орын алатын үрдістердің кинетикасы, тәжірибелік деректерді статистикалық және математикалық өндөу нәтижелері.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жок 7.3 ия 7.4 кен 7.5 ия</p> <p>4 қағидат – байыту үрдісінің әзірленген принципиалдық сыйбанұсқасы, техника-экономикалық негізделуі.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жок 7.3 ия 7.4 кен 7.5 ия</p> <p>5 қағидат – байытылған концентраттардың және жанама өнімдердің зерттелген физикалық-химиялық қасиеттері, жарамдылығын бағалауы,</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жок 7.3 ия 7.4 кен</p>
--	--	---

			<p>7.5 ия</p> <p>6 қағидат – фосфор саласының жарамдылығы төмен шикізаты мен қалдықтарын сірке қышқылының көмегімен байту үрдістерінен қалған ацетатты ерітінділерді регенерациялау үрдісінің химизмі, анықталған оңтайлы режимдік көрсеткіштері.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 ия</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 ия</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Зерттеуде қолданылған әдістемелік база жеткілікті түрде сипатталған. Тәжірибелік жұмыстарды жүргізу реті егжей-тегжейлі жазылған, зерттеу әдістері мен қолданылған материалдардың сипаттамалары және талдаудың физика-химиялық әдістері келтірілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Төменсұрыпты фосфориттерді сірке қышқылымен байту үрдістерінің термодинамикалық талдауы үшін заманауи, көп функционалды, максималды энтропия және Гиббс энергиясын минимизациялау принципіне негізделген HSC 9.3 бағдарламалық кешені қолданылған. Алынған тәжірибелік деректердің статистикалық және математикалық өңдеуі Статистика Онлайн қолданбасында жүргізілген. Материалдардың фазалық құрылымын анықтау Bruker D8 диффрактометрінде жүзеге асырылған. Оған қоса, алынған мәліметтерді өңдеу үшін Diffrac Plus Search фазаларды анықтау және PDF2 атаулы 450 000-нан астам белгілі қосылыстардың рентгенограммалар базасы қолданылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Барлық алынған теориялық қорытындылар мен тұжырымдар, анықталған талдау әдістері мен зандылықтар ізденушінің тәжірибелік зерттеулері арқылы дәлелденіп, расталған.

		<p>1) <u>ија</u>; 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары ғылыми әдебиеттерге сәйкес сілтемелермен расталған. Пайдаланған әдебиеттер тізімінде әлемдік және отандық фосфат шикізаттарының ресурстық көрсеткіштерін, оларды байытудың жетекші әдістері көрсетілген ғылыми әдебиеттерге сілтемелер берілген.</p> <p>Пайдаланылған дереккөздердің тізімі диссертация тақырыбы бойынша әдебиеттерді кеңінен қамтиды, мәселені ашуға және оны шешугі жеткілікті, барлығы 154 әдебиетке сілтеме берілген.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ија</u>; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ија</u>; 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болыш табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болыш табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болыш</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі төменсұрыпты фосфат шикізаты мен фосфор өндірісінің қалдықтарын байыту бойынша әдістемелік әзірлемелерді ұсынады, олар зерттеу нәтижелерімен қамтыйлған.</p> <p>Фосфор бестотығы бойынша жарамдылығы төмен фосфат шикізаты мен қалдықтарды байытудың перспективалы бағыттарының бірі ретінде диссертация негізінде жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жаңатас кен орнының фосфат-кремнийлі қатпар тастары, Ақжар және Шилісай кен орнының төменсұрыпты фосфориттерін сірке қышқылының көмегімен байытуудың экономикалық тиімді технологиясы әзірленген. Байыту үрдісі төмен температура мен қысқа уақыт аралығында жүргізілетіндігі анықталған. Байыту нәтижесінде алынған концентраттардың жарамдылығын бағалау барысында оларды фосфор өндірісінде қолдану мүмкіндігі анықталдыған. Байыту үрдісінен қалған өнімдерді кәдеге жарату, регенерациялау үрдістерінің мүмкін екендігі де зерттелдіген. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде пайдалы модельге патент алынған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың практикалық құндылығы толығымен жаңа, қойылған міндеттердің шешімін, сәйкесінше зерттеудің міндеттерін толық айқынрайды.</p>

		табылады)	
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, жұмыс қолжетімді, нақты ғылыми-техникалық түсінікті тілде, зерттеу құрылымы логикалық түрғыда дәйекті жазылған.

Диссертациялық жұмыс бойынша келесідей ескертулер мен ұсыныстар бар:

- Жарамдылығы төмен фосфориттер мен фосфор өндірісінің қалдықтарын байытуда сірке қышқылын қолдану экономикалық түрғыдан тиімді ме? Нарықтағы органикалық қышқылдардың құны жоғары екендігі белгілі.
- Байыту процесінің сыйбанұсқасында байытылған концентраттарды процесс аяқталғаннан кейін бірден кептіру сатысына жіберілгендей көрсетілген. Менің ойынша мұнда концентраттарды жуып-шаю бөлімін қосу қажет.
- Байытуға қолданылатын реагент – сірке қышқылының концентрациясы қанша пайыз?

Көрсетілген ескертулер диссертациялық жұмыстың құндылығы мен оң бағасын төмендетпейді. Райымбеков Еркебұлан Батыrbекұлының «Қазақстан Республикасы фосфор саласының жарамдылығы төмен шикізаты мен қалдықтарын байыту технологияларын дайындау» тақырыбындағы рецензияланатын диссертациялық жұмысы толық көлемде орындалған, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толық жауап береді, ал ізденуші Е.Б.Райымбековке 8D07160 – Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты.

Ресми рецензент:

М.Х.Дулати атындағы
Тараз өнірлік университеті,
«Химия және химиялық технология»
кафедрасының доценті,
техника ғылымдарының кандидаты



A handwritten signature in black ink, appearing to read 'X.R. Sadieva'.

X.R. Садиева

